

2016-2022 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат **Сыртқы аудиторды тағайындауға және ротациялауға қатысты** **саясат**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабының 1-тармағына сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылады.

Қаржылық есептілік аудиті – қаржылық есептілікті ұсынудың белгіленген тұжырымдамалық негізіне сәйкес қаржылық есептіліктің барлық елеулі аспектілері бойынша дайындалғандығы немесе дайындалмағаны жөнінде пікір білдіру мақсатында тәуелсіз тексеру рәсімі.

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру, растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін, Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

Мемлекеттік корпорация Басқармасы жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес, өткен жыл үшін аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына сәйкес Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығымен жыл сайын жылдық қаржылық есептілік бекітіледі.

2022 жылы

2022 жылғы қаржылық есептілік аудитін «SFAI Kazakhstan» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 23 520 мың теңгені құрады. «Sfai Kazakhstan» ЖШС 2022 жылы қаржылық есептілік және өзге де ақпарат аудитімен байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2021 жылы

2021 жылғы қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit Tani» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 20 048 мың теңгені құрады. «Crowe Audit Tani» ЖШС 2021 жылы қаржылық есептілік аудитімен және басқа ақпаратпен байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2020 жылы

2020 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit KZ» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 21 168 мың теңгені құрады. «Crowe Audit KZ» ЖШС 2020 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне қатысы жоқ қызметтер көрсеткен жоқ.

2019 жылы

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда 91 840 мың теңгені құрады. Сондай-ақ «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша жалпы сомасы, ҚҚС қосқанда, 9 624,6 мың теңгеге қызмет көрсетті.

2018 жылы

2018 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «ТАК «ЦентраудитҚазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 18 500 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан «ТАК» ЖШС 2018 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне қатысы жоқ қызметтерді көрсеткен жоқ.

2017 жылы

2017 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «ТАК «ЦентраудитҚазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 25 000 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан «ТАК» ЖШС 2017 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

2016 жылы

2016 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «НАК «ЦентраудитҚазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы, ҚҚС қосқанда, 19 900 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан» ТАК» ЖШС 2016 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне қатысы жоқ қызметтерді көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдарда жұмыс істеген жұмыскерлер Мемлекеттік корпорацияға жұмысқа қабылданбады.